

АШЫҚ ПРОЦЕСС – СУДЬЯ ҮШІН ҮЛКЕН СЫН



Қазақстандағы сот жүйесі соңғы жылдары ашықтыққа бағыт алғанын жиі байқап жүрміз. Жариялылық қағидасы заңмен бекітілген. Алайда тікелей эфирде, санмыңдаған азаматтың алдында ашық сот процесін жүргізу оңай емес. Мұндай процестер судьяларға моральдық, кәсіби және психологиялық тұрғыдан аса ауыр.

(Жалғасы 2-бетте)

ОТБАСЫ БЕРІК БОЛСА – МЕМЛЕКЕТ ҚУАТТЫ БОЛАДЫ

Құрметті достар!

Сіздерді Халықаралық отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жүрекке жылы мереке отыз жылдан астам уақыт бойы отбасы атты ең қастерлі құндылықты еске салып, насихат етіп келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен бекітілген бұл күн – әрбір адам үшін маңызды мәселелерге назар аударуға, яғни, қамқорлық, қолдау, махаббат және балаларымыздың жарқын болашағы секілді ізгі құндылықтарды ұлықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстанда 6,2 миллионнан астам отбасы өмір сүруде. Мемлекет үшін отбасын қолдау – жай ғана басымдық емес, бұл – тұрақты дамудың берік негізі. Елімізде ана мен баланы қорғауға ерекше мән беріліп, қауіпсіз әрі лайықты өмір сүруге барлық жағдай жасалуда.

Бұл ретте жаңа ғана шаңырақ көтеріп жатқан жас отбасыларға ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсету маңызды. Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған заңнама жетілдіріліп келеді. Қолдау тек сөз жүзінде ғана емес, әлеуметтік жәрдемақылар мен бала күтіміне арналған төлемдер арқылы нақты көрініс тауып жатыр. Бүгінде елімізде 112 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтар азаматтарға өмірлік маңызды мәселелерді шешуге көмектесіп, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіп отыр.

Отбасы – қоғамның тек бір бөлшегі ғана емес. Бұл – бізді жақсы көретін, түсінетін, қабылдайтын аяулы мекен. Дәл осы жерде тұлғалық қасиетіміз қалыптасып, құндылықтар мен армандарымыздың іргетасы қаланады. Отбасы берік болса – мемлекет те қуатты болады.

Балаларын сүйіспеншілікпен тәрбиелеп отырған, отбасылық дәстүрді ұқыппен сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан әрбір жанға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер – еліміздің тірегі, жарқын болашақтың негізгісіздер.

Барша отбасыға шуақты өмір, мықты денсаулық, жылылық пен бақ-береке тілеймін. Әр шаңырақта қуныш пен шаттық мол болсын!

Дәл осы күні «Мереілі отбасы» ұлттық байқауына өтінім қабылдау басталады. Қазақстанның әр өңірінде өзгелерге үлгі болатын, тағылымды тарихы бар отбасылар бар екеніне сенімдімін. Баршаңызды осы маңызды әрі ізгі байқауға қатысуға шақырамын. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз көпшілікке шабыт сыйлайтыны сөзсіз.

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі

СУДЫҢ БАСТЫ СҰРАУЫ – ҮНЕМШІЛДІК

Қазақстанда су тапшылығы емес, оны ұтымсыз пайдалану өзекті мәселе. Экономикада және күнделікті өмірде су өте көп ысырап болуда. Қазақстандықтар дамыған елдерге қарағанда тіршілік көзін 10 есе артық тұтынады.

Бүгінде бір адам тәулігіне 3,5 мың литр су пайдаланады екен. Бұл Ресей, АҚШ және Австралиямен салыстырғанда 3 есе көп. Яғни, еліміз суды ысыраппен тұтыну бойынша екіншіше қарай, алдыңғы орында. Бұл Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында айтылды. Онда Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру аясында су шаруашылығы саласын реформалау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» баяндама жасап, салада атқаралып жатқан жұмыс жайлы есеп берген болатын.

Министрдің сөзінен түйгеніміз, құрылға-

нына екі жыл болған құзырлы орынның бүгінде атқарған жұмысы аз емес. Сала үлкен реформаны бастан кешті. Мәселен, Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында ең алдымен негізгі маңызды шаралардың құқықтық негізі қалыптастырылды. Осы бағытта атқарылған маңызды қадамдардың бірі – су саласындағы іргелі құжат болып саналатын жаңа Су кодексінің қабылданыуы.

Бұл құжат еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін, суды қауіпсіз әрі тиімді пайдалану деңгейіне қол жеткізуге және оны тұрақты түрде қолдауға бағытталған.

Сонымен қатар, су шаруашылығы са-

ласындағы басымдықтарды айқындайтын стратегиялық құжаттар – «Су ресурстарын басқару жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы», «2028 жылға дейін су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары» және «2026 жылға дейінгі суды үнемдеу жөніндегі жол картасы» әзірленді. Осы құжаттардың қабылданыуы арқылы саланы сапалы дамытуға қажетті заңнамалық және институционалдық негіз толықтай қалыптастырылды.

Парламент депутаттары және Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау нәтижесінде су саласындағы жобалар мен іс-шараларды қаржыландыру мәселелері жоспарлы түрде шешім табуда. Бұл – стратегиялық құжаттарда көзделген мақсаттарды толық әрі тиімді іске асыруға жол ашатын маңызды фактор. Бүгінде жобаларды тиімді іске асыру және бақылау мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігінде жобалық басқару тетіктері енгізілді. Осы мақсатта арнайы жоба-

лық офис құрылып, өңірлік деңгейде тұрақты байланыс орнатылды. Биыл бюджет қаражаты мен халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен 6 мыңнан астам шақырым канал қайта жаңғыртылуда. Алдағы жұмыстардың ауқымдылығы мен өңірлерге қажетті күрделі инвестициялар көлемін ескере отырып, шетелдік қаржы институттарын тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда Ислам даму банкінің Директорлар кеңесі жалпы құны 2,7 миллиард АҚШ долларын құрайтын несие мен грант бөлу туралы шешім қабылдады. Жоба екі кезеңмен іске асырылады. Несие қаражаты есебінен 2025 жылы еліміздің өңірлерінде төрт су қоймасының құрылысы басталады.

Басымдық беріліп отырған жұмыстардың бірі суды ұтымды пайдалану мен үнемдеуге ынталандыруды күшейту.

(Жалғасы 3-бетте)

5-бет



Құқықтық айқындық тұжырымдардың дәлдігіне тікелей байланысты

6-бет



Абай мұрасын насихаттау – ұлттық сананы ояту

8-бет



Тергеуші

ӨНДІРІС

СЕНІМ. САПА. ЖЕТІСТІК

Құрылыс жабдықтарын өндіруші әйгілі LUGA ABRASIV зауытының ресми диллері саналатын Алматы облысындағы «Арон и К» компаниясының тарихы 2002 жылдан басталады.



Алғашқы 15 жылдық кезеңде тәжірибе жинақтап, серіктестікті дамыту және кәсіби құралдар индустриясының ұңғыл-шұңғылына терең бойлауға жұмсалды. Бас болмақ оңай, бастамақ қиын дегендей 2017 жылы компания басшысы Нұрлан Аронұлы Каскадамов батыл шешім қабылдап, ALMATY ABRASIV брендімен абразив өнімдері өндірісін іске қосты. Осылайша құрылыс құралдары нарығында отандық жаңа ойыншы пайда болды.

Осылайша жаңа кезең басталды. Ол – тәуелсіздікке, жаңашылдыққа және нарықтағы көшбасшылыққа жол ашты.

Құрылыс материалдары мен кәсіби құралдар саласында үздік шешімдерді ұсынуға ұмтылған «Арон» командасы маңызы зор миссияны өзіне алды. Ол – заманауи технологиялармен жасалған халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы өніммен нарықты қамтамасыз ету.

Компания бөлшек сауда бағытын белсенді дамытып, жай ғана дүкен емес, «Арон и К» атауымен нағыз жабдықтау орталығын құрды. Алматы облысы, Талғар ауданы, Жалқамасы ауылында орналасқан орталық кәсіби құрылысшылар мен мердігерлерге ғана емес,

сонымен қатар жөндеу немесе құрылыс жұмыстарын бастаған жеке тұтынушылардың да сенімді тірегіне айналды.

«Тәуекел түбі желқайық, өтесің де кетесің...» дегендей дамудың жаңа кезеңін сәтті бастаған кәсіпкер 2023 жылы жаңа жабдықтар сатып алып, айналым қаражатын толықтыру үшін Қазақстан халық банкі арқылы 21,75 пайызбен несиесіне алды. Сабакты ине сәтiмен демекшiсi «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Даму» қоры бұл несиенің 13,75 пайызын ішінара субсидиялады. Соның нәтижесінде отандық өндіріс иесі қарызының тек 8 пайызын ғана төлеуге мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда «Арон и К» – бұл жай ғана дүкен емес. Бұл – сенім, сапа және үздік болуға ұмтылыс арқылы құрылған табыс тарихы. Бұл – құрылыс пен жөндеудің барлық кезеңдерінде тұтынушылардың сенімді серіктесіне айналды. Оның ұсынатын өнімдер каталогында: Металл кесу дөңгелектері; металлды ажарлау дөңгелектері; жапырақты шеткі дөңгелектер; алмаз, ара қалақшалары; керамикалық жапсырылған ажарлау дөңгелектері; құрылыс химиясы; кескіндеме құралдары; бау-бақша құралдары; жеке қорғаныс құрылғысы; электр құралдарына арналған жабдық, пышақтар; сандпапер; техникалық маталар мен қаптар бар.

С.ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДӘРІС

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ОРТАҚ

Талдықорған қаласындағы А.С. Макаров атындағы №6 орта мектепте оқушыларға арналған есірткіге қарсы профилактикалық дәріс өтті. Шара Жетісу облысында жасөспірімдер арасындағы есірткіге қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу және жазғы демалыс кезінде профилактикалық шараларды күшейту аясында ұйымдастырылды.

Дәрісті полиция қызметкерлері облыстық психикалық денсаулық орталығының нарколог-дәрігерімен бірге өткізді. Мамандар оқушыларға зиянды әдеттерге қарсы тұрудың психологиялық жолдарын, ішкі мотивацияны арттыру және күйзелісті еңсеру тәсілдерін түсіндірді.

– Жастармен алдын алу жұмысын неғұрлым ерте бастау өте маңызды. Біз тек ақпарат беріп қана қоймай, есірткіге деген сыни көзқарас қалыптастыруға тырысамыз, – деді Кеңес өкілі.

Бүгінде Қазақстан бойынша есірткі құқықбұзушылықтарының алдын алу жөніндегі 75 өңірлік кеңес жұмыс істейді. Олардың міндеті – ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жергілікті жерде қолдау көрсету.

Дәріске 97 оқушы қатысты. Мұндай кездесулер оқушылардың денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты саналы көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

С.ӘЙТЕНОВА
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «АҚ БҰЛАҚ» Алматы облыстық ұйымы Ұйғыр аудандық кәсіподақ комитеті» ҚБ филиалы (БСН 240241016601, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, А.Т.Мамбеталиев көшесі, 7-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, А.Қадыров көшесі, 58-үй. Тел. 87086042500.

5. «Мамыт АЕ» ЖШС ұйымы (БСН 220740026231, ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 34-шағын ауданы, 16-үй, 16-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұңайлы ауданы, Баянды ауылы, 316-учаске көшесі. Тел. 87775301100.

6. «ALASH DKBR» ЖШС (БСН 221240021116) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82-үй, тел. 87055847900.

7. «SHANYRAK INVESTMENT» ЖШС (БСН 160440016557) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Бақтыгерей Құлманов көшесі, 111А құрылыс.

10. «Шарбұлақ ауылының ерікті өртке қарсы және авариялық-құтқару құрылымы» қоғамдық бірлестігі (БСН 240440014092) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарбұлақ а/о, Шарбұлақ ауылы, Т.Батырбеков көшесі, 21-ғимарат, пошта индексі 160318.

11. «Пчёлка Майя» қоғамдық қоры (БСН 191140001813) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Назарбаев даңғылы, 227-үй, 51-пәтер.

15. «ADAM CLINIC» ЖШС Алматы филиалы (БСН 230441003126) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 106, тел. 87787350101.

16. «ИНЖИНИРИНГ СОЛЮШАНС» ЖШС (БСН 231040037444) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 10Б үй, 56-пәтер, тел. +77016529698.

17. «Горняк Такси» ЖШС (БСН 210540026084) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Рудный қаласы, Космонавтов даңғылы, 10, 1-кеңсе, тел.+77776296556.

ӨРТУРА

2. Батыс Қазақстан облысы Бурлин аудандық сотында азаматтық іс қозғалды. Іс азамат Селиванова Галина Борисовнаың талап-арызы бойынша қаралуда. Ол Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бурлин ауданы, Облқала ауылы, Клубная көшесі, 2-үйде тұрады. Арызда азамат Морозов Сергей Сергеевичті хабар-ошарсыз кеткен деп тану сұраған. Ол 1985 жылғы 28 ақпанда туған, Украина, Дебальцев ауданы, Мироновка ауылының тұрмасы.
С.С. Морозовтың тұрған жері немесе ол туралы басқа да мәліметтер белгілі болса, Бурлин аудандық сотына хабарлауыңызды сұраймыз. Мекенжай: Батыс Қазақстан облысы, Бурлин ауданы, Ақсай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 72-үй.
Электрондық пошта: 711-2664@sud.kz, Телефон: 8 (71133) 2-06-80.

3. «PATRIOT 1986» қоғамдық бірлестігінің (БСН 200240038937) мәрі жарамсыз деп танылсын.

12. Қоғамдық тыңдаулар!
«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49.4°38.4300» сш, 81.36°36.19998»сш; 2. 49.4°35.0000»сш, 81.36°10.0000»сш; 3. 49.4°26.51996»сш, 81.36°9.99998»сш; 4. 49.4°30.03941»сш, 81.36°3.79121»сш; 5. 49.4°34.99982»сш, 81.36°3.99987»сш; 6. 49.4°49.54377»сш, 81.35°31.13039»сш; 7. 49.4°55.79198»сш, 81.35°45.13413»сш; 8. 49.4°52.39741»сш, 81.36°8.34977»сш; 9. 49.4°45.4000»сш, 81.36°16.6600»сш.

Қоғамдық тыңдаулар 20.06.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 20.06.2025 жылы сағат 10:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/715908499397?pwd=KbEaXUtrfan2hJ25mYVdnNEhEWB2td0.1> Конференция идентификаторы: 715 9084 9939, кіру коды: 7w6R9r. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-priroda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел. +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 (777) 414-90-10.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.